

**Туякбаева Айгуль Шаймуратовнаның**  
**Режиссура мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін (PhD)**  
**алуға ұсынылған**  
**ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНДЕГІ**  
**САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ**  
**атты диссертациясына**

**Пікір**

Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының докторанты Айгуль Туякбаеваның диссертациялық жұмысы кеңес дәуірі мен тәуелсіздік жылдарындағы қазақ кинематографиясының (жалпы қаза өнерінің деп айтуыға болады) елеулі әрі іргелі, алайда әлі толық зерттелмеген негіздердің бірі – көптеген сәтті кино туындыларда форма, стиль және бірегей авторлық қолтаңба ретінде қолданылатын фольклорды және дәстүрлі салттар мен әдет-ғұрыптардың көрінісін зерттейді. Аталмыш қолтаңба, бірінші кезекте өзіндік ерекшелігі бар қазақ мәдениетін сипаттайды және екшейді, оның айырықша руханилығын анықтап, оған әлемдік мәдениетте сүбелі орын тағайындайды.

Зерттеудің пәні қазақ халқының бай рухани мәдениетінің құрамдас және ажырамайтын бөлігі саналатын дәстүрлі әдет-ғұрыптар мен жөн-жоралғылардың отандық кинематографиядағы көрінісі болып отыр. Менің ойымша, бұл жайт – аталған сүбелі жұмыстың басты әрі ерекше артықшылына айналған.

Таңдалған тақырыпты егжей-тегжейлі зерттеу мен әзірлеу докторант тарапынан жасалған батыл қадам екенін атап өткім келеді. Қазақ киносын зерттеу фактілері мен көптеген ғылыми еңбектердің бар болуына қарамастан, зерттеуші талдау үшін таңдаған тақырыбы автордан білік пен білім, терең ойлау, талдамалық машық пен ұйымдастырушылық қабілетті талап ететін кең ауқымды, жан-жақты әрі бейнетті. Қазіргі таңда мұндай қабілет-қарым жас ғалымдар арасында сирек кездесетін, мүйізі қарағайдай ғалымдарға ғана тән артықшылық.

Ең бастысы – көп зейінді талап еткен әдістемелі еңбек нағыз ғылыми-зерттеушілік табысқа айналды.

Диссертацияның басында – кіріспе бөлігінде – докторант зерттеу жұмысын ғылыми еңбек ережесі бойынша талап етілетін міндетті сызбаға қарай икемдеген, ол өз алдына зерттеудің барлық құрауыштарын түсіндіру мен негіздеуді қарастырады.

Аталған құрауыштар мыналар – **Жұмыстың жалпы сипаттамасы, Зерттеу тақырыбының өзектілігі, Мәселенің зерттелу деңгейі, Зерттеудің мақсаты мен міндеттері, Зерттеудің нысаны, Зерттеудің пәні, Жұмыстың ғылыми жаңалығы, Диссертация тақырыбын кешенді зерттеу қорытындысы, Еңбектің теориялық-әдістемелік негіздері, Зерттеудің практикалық мәні, жұмыстың апробациясы, Жұмыстың құрылымы.**

Ол дәл осы бағытта зерттеу жүргізеді және бүкіл жұмыста таңдалған тақырыптың жоғарыда аталған тармақтарын кезең кезеңмен, мұқият, негізді және тыңғылықты ашып, талдайды.

Айгуль Туякбаева зерттеуінің өзі осы бағыттағы қазақ киносын таза кинотану, мәдени-философиялық, этнологиялық, тарихи ғана емес көптеген басқа да бағыттар бойынша зерттеуді қамтитын ең алғашқы және интеграцияланған жұмыс деп айтуға болады. Бұл жайт, бір жағынан еңбекке ғылыми сипат пен жалпыламалық беріп – қазақ кинематографиясы, қазақ киносы феноменінің бұлтартпайтын әрі айбынды картинасын қалыптастырады. Екінші жағынан – «заманауи Қазақстанның ең күрделі мәселелерінің бірі – қазақ ұлтының рухани-өнегелік жандануын шешу» бойынша жоғары мақсатқа ие.

Мақсатқа қол жеткізу үшін диссертант философия, мәдениеттану, феноменология, қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы; кинотанушылар мен кино тарихшылардың революцияға дейінгі, кеңестік және посткеңестік кинематография туралы теориялық жұмыстары, мұрағаттық дереккөздер мен өңірлік материалдар, публицистика; шетелдік дереккөздер және т.б. материалдарды зерттеген.

Кіріспенің мына бөлігінде докторант үлкен көлемде өзі өңдеген ғылыми әдебиетті тізіп, нұсқап, оған сипат береді, зерттеудің бүкіл үдерісінде пайдаланылған әдебиетті топтар, катеогриялар дәрежесі мен қолдану қажеттілігі бойынша бөледі.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері,** – докторанттың өзі жазғанына сәйкес, – *«отандық кинода орын алған дәстүрлі әдет-ғұрыптар мен салт-жоралар қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде кешенді зерттеу болып табылады».*

Ол үшін зерттеуші міндеттерді анықтап, шешім тапты – қазақ киносының фольклорлық-дәстүрлі және мәдени-философиялық табиғатын ашты; кеңестік және отандық кинодағы ұлттық және жалпымәдени құндылықтарды экрандау ерекшелігіне жан-жақты талдау жасады; отандық кино өнерінің қазақтардың тарихы, мәдениеті мен философиясын, діні мен этнографиясын насихаттауға қосқан үлесін бағалады; ұлттық салт-дәстүрлердің экран арқылы көрініс табуын рухани дамудың басты факторы ретінде зерттеді; қазақ халқының рухани мәдениеті мен тұрмыстық ерекшелігі анағұрлым айшықты бейнеленген көркем фильмдердің тарихи мазмұнына толыққанды талдау жасады; қазақ киносындағы ұлттық сананың даму факторлары мен ерекшелігін ғылыми тұрғыдан жүйеге түсірді.

**Ғылыми жаңалығы** – және сәйкесінше жұмыстың негізгі жетістігі – диссертант тақырыпты зерттеу барысында қол жеткізген бірқатар нәтижелер – дереккөздер мен ғылыми әдебиетті түбегейлі зерттеу, ауқымды фактілік материалды жинау мен жіктеу және оны егжей-тегжейлі ғылыми тұрғыда зерттеу мен талдау; зерттелмелі мәселенің мазмұнды жағына әсер ететін: құқықтық, тарихи, философиялық, мәдениеттанушылық, этнографиялық, тұрмыстық, күнделікті факторларды анықтау; қазақ киносының мәдени феноменін бүтін сипаттау тұрғысында ерекше әлеуметтік-мәдени кеңістік

ретінде «қазақ киносы» деген түсінікті негіздеу; әлеуметтік-мәдени кеңістік соған аумақ ретінде шығып отырған материалдық-мінсіз болмыстардың жалпыұлттық өзгеру аумағын белгілеу; посткеңестік кезеңдегі қазақ кинематографиясы дамуын ертеректегі қазақ тарихы мен мемлекет өмірінің заманауи қоғамдық-саяси және мәдени талаптарымен табиғи байланысқан көркем-мәдени үдеріс ретінде қарастыру; тарих, мәдениеттің нормативті жағына қарай трансформацияланған қазақ индустриясының заманауи жағдайлары мен перспективалар талданды, соған сәйкес еліміздің әлеуметтік-мәдени кеңестігінің құндылықтары трансформацияланады.

Жұмыстың теориялық-әдістемелік негізіне арнап – зерттеу үдерісінде әлем және қазақ философиясы, тарихы, әлеуметтануы, мәдениеттануының тұжырымдамалық идеялары пайдаланылды, олар қазақ киносын зерттеу бойынша нақты танымдық міндеттерге сәйкес икемделді; мәдениеттің эмпирикалық тарихы: этникалық және конфессиялық кескін, дәстүрлі мәдениеттің эволюциялық құрауыштары (фольклор, нормалар мен құндылықтар, ғұрыптар мен салттар және т.б.); әлеуметтік-мәдени бақылаулар және әлеуметтік-мәдени рефлексия әдістері, мәдениет генезі әдісі пайдаланылды.

Эмпирикалық зерттеулер жарияланбаған дереккөздерді жалпылама, реконструкциялау мен түсіндіру әдістері, басқа авторлар жүргізген және әдебиетте жарияланған зерттеулер нәтижесін қайталама талдау әдісіне негізделген.

Диссертацияның бірінші бөлімінде – **ҚАЗАҚ КӨРКЕМ КИНО ӨНЕРІНДЕГІ РУХАНИЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МӘДЕНИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** - Бірінші тарауда да – **Ұлттық руханилықтың категориясын баян ету алғышарттары** және екінші таурада – **Фольклордың қазақ киносына әсері** – докторант дәстүрлер түсінігін, оның аспектілері мен категорияларын анықтайды және: *«ғылыми еңбектерді пайдалана отырып, дәстүр феноменінің мәдениеттанушылық тұжырымдамасын қарастырып, мұраның аксиологиялық аспектісін пайдалана отырып, дәстүр абсолютті құндылық ретінде талданады»* деп түйіндейді және кез келген халықтың мәдениетінде дәстүрдің мәнін жан-жақты талқылап, бекітеді; дәстүрлерді, олардың тарихи және этнологиялық тұрғыда қазақ халқы ортасында қалыптасу үдерісін сипаттайды. Кейін қазақ киносын құру және даму тарихына, сонымен қатар алғашқы және кейінгі фильмдер талдауына, олардың құрылымы мен өзгешілігіне, онда қазақ халқының мәдени және рухани дәстүрлерін, қазақ фольклорын және ұлтқа тән қасиеттерін пайдалануда авторлардың рөлі неде негізделгенге ауысады.

Докторант: *«Осылайша, қазақ кинематографиясының қалыптасу тарихы қазақстандық кино өнерінің үздік үлгілерінде қазақ халқының дәстүрлерін сақтау мен сабақтастығын аша түседі»* деп жазады.

Екінші бөлімде – **ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК КИНО ӨНЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ**

**Бірінші тарауда – Ұлттық құндылықтарды экрандаудағы эстетикалық ерекшеліктер, және екінші тарауда – Қазақ дәстүрлері мен салттарын кино тілі арқылы көркемдік шешімдер мен көзбен шолу – Айгуль Туякбаева жалпы және нақты жағдайларда ұлттық құндылықтар ерекшелігінің мәнін, олардың әр халық өміріндегі мәні мен орнын ауқымды тұрғыда талдау мен анықтауды жалғастырады.**

Ол: «Әр халықтың ұлттық ерекшелігі ұлттың немесе халықтың айырықша, мінезтанушылық қырларынан тұрады. Ол өзіндік этникалық даму салдарынан, қазақ халқын айтқанда, оның шығармашылығы, салты, дәстүрі, тұрмыс салты, құндылықтар жүйесі, тілі негізінде құралды. Ұлттық-өзіндік факторлар анағұрлым төзімді, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени факторларға қарағанда анағұрлым тұрақты және өзгерістерге анағұрлым берік келетінін атап өткен жөн. Ұлттық ерекшеліктердің бөлек сипаттарын социалистік қоғамдағы басқа одақтық республикалармен қоршаған ортадағы қазақстандық қоғамның қалыптасуын ескере отырып, ұлттық емес ортада тіл мен өмір салтын дамыту және қарым-қатынаста өзара байланыс орнату бойынша белгілеуге болады» деп жазады.

Ары қарай докторант өзінің позициясын растайтын фильмдерді талқылауға көшеді, көшпенділіктің, көшпенділердің жалпы салтының мәні мен мағынасын және олардың кино картиналарда қалай суреттелгенін түсіндіреді.

Осы бөлімде докторант экрандаудың мәні мен принципін егжей-тегжейлі зерттеп, талдау жүргізеді. «Экрандау – құрушыларды түпкі дереккөзбен танысуға және оның негізгі ойы, образы мен стилін түсінуге міндеттейтін шығармашылық үдеріс. Мұндай киноленталар көрермендердің білімін байытып, молықтырады, әдеби шығарманың мазмұнын қайта пайымдауға көмектеседі, бірақ олар түпкі дереккөзді оқуды алмастыру болып табылмайды».

**Диссертацияның үшінші бөлімі, жоғарыда айтылғандай – ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕРІ – деп аталады, ол екі тараудан тұрады – Отандық кино өнерде ұлттық сана көрінісі.**

Екінші бөлімнің бірінші тарауында докторант руханият тақырыбында, оның мәні, ұлттық сана мен мазмұны жайында толғанады. Айгуль Туякбаева халықтық ойлау ерекшеліктерін терең зерттеп, шығармалардағы көріністерді көп қырынан сипаттайды, қазақстандық қоғамы дамуында халық санасының Тарихи мәні туралы ой қорытады.

Докторант келесідей әділ пайымдайды: «қазақтардың рухани дамуының шыңы деп музыкалық шағармашылықты атау керек. Қазақ халқының музыкалық шығармалары жаңа өмір бастауы ретінде баланың өмірге келуінен бастап, батырлардың жаумен қан қырғынында батыл әрекеттерін жырлауға дейінгі қазақ қоғамының өмірлік әлемімен байланысының бәрін қамтиды. Суырып-салма ақындар қазақ халқының рухани өмірінде болған ең жақсы нәрселерді, қазақтың кең-байтақ жерінің сұлулығы мен ұлылығын, халықтың өзін, оның ақылын, асылдығын,

батырлығын және туған жерге деген махаббатын жырлап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Ақындар мен жыраулардың шеберлігі қазақ мәдениетін түсіну ретінде анықталады. Қазақ халқының ауызша музыкалық өнері оның көзқарасын, дүниені сезіну, әлемді пайымдауын көрсетеді».

Докторант қазақ халқының дәстүрлері, – Бата, Мүшел сынды салты мен әдет-ғұрыптарын егжей-тегжейлі суреттеп, сипаттайды. Физикалық және психологиялық тұрғыға тән өтпелі кезеңдер: неке рәсімі мен үйлену, бала туу мен тәрибелеу және т.б.

Зерттеудің осы кезеңінен өтіп, докторант тұлғаның рухани дамуындағы кинематографияның мәнін ой талқыдан өткізеді және киноның осы рөліне бірнеше мысалдар келтіреді, оның ішінде режиссер Сергей Дворцевойдың «Қызғалдақ», Ермек Тұрсыновтың «Келін» фильмдеріне талдау жасап, оларды айта отырып, таза ғылыми деңгейде фильмдерде көрсетілген ғұрыптарды жан-жақты зерттейді.

Үшінші бөлімнің екінші тарауында – **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРНЫ МЕН МӘНІ** – докторант алдындағы тараудағы талдауларға сүйеніп, мәселені терең әрі кең қарайды.

Автордың пікірінше: *тұлға мен қоғамның рухани дамуы үшін, қазақ халқының ұлттық санасының дамуындағы қазақстандық кинематографияның маңызы ХХІ ғасырдағы отандық кинематография қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтау және сабақтастық идеясымен қаныққандығымен анықталады. Қазақстандық кинематографияның феномені қазақстандық қоғамның рухани дамуындағы рөлі және орнында жатыр.*

Диссертациялық жұмыстың қорытындысында Айгуль Туякбаева әртүрлі ғалымдардың теориялық, тарихи еңбектерін зерттеу әдісімен қабылданған және өзінің байқылауы тәжірибесі және ойлауы негізінде жинақталған тұжырымды қысқаша формата қорытындылайды.

Зерттеуде қазақ халқының руханиятымен байланысты және дәл осы ауқымды бағытта қазақстандық кино өнірінің дамуымен байланысты анағұрлым маңызды мәселелер, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын экрандау ерекшелігі, тұлға дамуында маңызды рөл атқаратын өнегелік және тәрбиелік мақсат, әдеби шығармаларды экрандау мәселелері белгіленіп, талданды.

Айгуль Туякбаеваның **философия докторы дәрежесін (PhD) алуға ұсынылған ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ** диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеудің барлық критерийлеріне сай келеді және толық аяқталған болып саналады.

Осы ғылыми еңбекті оқи отырып, мен бір жағынан көптеген аспекітлер мен сұрақтар бойынша өте ауқымды ақпарат алдым және екінші жағынан автордың ойлауы мен ойды жеткізу мен баяндау әдетінен, сондай-ақ кәсіби талдаудың деңгейі, нақтылығы мен айқындылығына тәнті болып, рухани ләззат алдым деп айтқым келеді.

Жұмыс келешекте мәдениет теориясының жекелеген бөлімдеріндегі әдістемені дамытуға, сондай-ақ ХХ ғасырдағы және ХХІ ғасыр басындағы қазақстандық киномотографияның әлеуметтік-мәдени мәнін зерттеуге көмектесетін болады.

Ауқымның кеңдігі себепті диссертациялық жұмысты Қазақстандағы жоғары оқу орындарында ғана емес, сондай-ақ өнер бағытындағы білім ордаларындағы ғана емес, филология, тарих, этнология және басқа да бағытта қолдануға болады, жұмыс студенттермен қатар кез келген деңгейдегі зерттеуші ғалымдарға да пайдалы. Қазақ мәдениетіне, оның өткені мен бүгіні, ұлы халықтың рухани құндылықтарына және бағалы дәстүрлерге қызығушылық танытқан адам бұл еңбекке қызығып, көп құнды ақпарат ала алады.

Жоғарыда айтылған дәйектерді назарға ала отырып, Айгуль Туякбаеваның – **ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ** диссертациялық жұмысы жан-жақты, көлемді ғылыми еңбек, таңдалған контексте қазақ кинемотграфиясын талдауға мен зерттеуге арналған кинотану, мәдениеттану, кино тарихы, кино теориясы мен тіпті этнологиясы саласында сүбелі зерттеу болып табылады деп тағы тұжырымдағым келеді.

Лела Очиаури, Өнертану докторы, Шота Руставели атындағы Грузия Мемлекеттік Театр және Кино университетінің профессоры